

**«Көркем 2011»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

Астана қаласы,
Күйші Дина, 44/1 НП 4
тел.: 8 701 999 2640



**Товарищество с
ограниченной ответственностью
«Коркем 2011»**

город Астана,
улица Куйши Дина, 44/1 НП 4
тел.: 8 701 999 2640



**«КӨРКЕМ 2011» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
«KIDZ N TOTZ» ЖӘНЕ «КӨРКЕМ» БАЛАБАҚШАЛАРЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗЫМЕТІН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІ**

Астана, 2023ж.

МАЗМҰНЫ

- ✚ «Көркем 2011» жауапкершілігі шектеуші серіктестігінің «Kidz n totz» және «Көркем» балабақшаларының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі туралы ережесі.**
- ✚ Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау туралы бұйрығы.**
- ✚ Өзін-өзі бағалау жоспары.**
- ✚ Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.**
- ✚ Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері.**

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

II. Кадрлық құрамға талдау

- 2.1. Педагогикалық білімі бар педагогтер немесе педагогикалық даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер
- 2.2. Педагогтердың білімділік деңгейі
- 2.3. Балабақша басшысының аттестациядан өтуі туралы мәлімет
- 2.4. Педагогтердың біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер
- 2.5. Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер
- 2.6. «Көркем 2011» ЖШС-ны педагогтерінің алдыңғы қатарлы іс-тәжірибені қорытындылау бойынша жұмыстары

III. Тәрбиеленушілер контингенті

- 3.1. Балабақша балаларының контингентін талдау

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс

V. Оқу-материалдық активтер

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

- ✚ Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.**
- ✚ Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы.**
- ✚ «Көркем 2011» ЖШС-ның өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстары**
- ✚ «Көркем 2011» ЖШС-ның қызметін бағалау.**

**«КӨРКЕМ 2011» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
«KIDZ N TOTZ» ЖӘНЕ «КӨРКЕМ» БАЛАБАҚШАЛАРЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗЫМЕТІН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Көркем 2011» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Kidz n totz» және «Көркем» балабақшаларының (бұдан әрі балабақша) өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі бағалау өлшемшарттары) және Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде құрастырылған.

1.2. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірінғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.

1.3. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылады:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасауы;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базасы.

1.4. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарға;
- 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады.

1.5. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылды.

2. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

2.1. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуін балабақшаның 07.02.2023ж. №26 бұйрығы негізінде құрылған комиссия жүргізді (балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы бұйрық көшірмесі /1-қосымшада берілді/).

2.2. Комиссия төрайымы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. /іс-шара жоспары қоса берілді/

«Көркем 2011»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Астана қаласы,
Күйші Дина, 44/1 НП 4
тел.: 8 701 999 2640

Товарищество с
ограниченной ответственностью
«Коркем 2011»

город Астана,
улица Куйши Дина, 44/1 НП 4
тел.: 8 701 999 2640

БҰЙРЫҚ
№ 26

ПРИКАЗ
03.02.2023ж.

**Балабақшаның өзін-өзі
бағалауын ұйымдастыру және
өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдардың бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 ж. 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына, Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшының 2022 жылғы 10 қарашадағы №393 бұйрығы мен 2023 ж. 06 ақпандағы кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Коркем 2011» ЖШС-нің «Kidz n totz», «Көркем» балабақшаларында 06.02.2023-18.05.2023ж.ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:
 - Жаксыгельдинова Айжан Жанатовна-директор, комиссия төрайымы;
 - Ильясова Анар Кайыпбергеновна- «Kidz n totz» балабақшасының меңгерушісі, комиссия мүшесі;
 - Ботаканова Лаура Серыккановна-«Коркем» балабақшасының меңгерушісі, комиссия мүшесі;
 - Асаубаева Гульзира Мухаровна-тәрбиеші комиссия мүшесі;
 - Жолдыбаева Айгуль Шаяхметовна, «Kidz n totz» балабақшасының әдіскері, хатшы;
3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін (1-қосымша).
4. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастру жауапкершілігі жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Бұйрықпен таныстық



А.Жаксыгельдинова

А.Жаксыгельдинова
Ботаканова Л.С.
Асаубаева Г.З.
Жолдыбаева А.Ш.



ЖШС-ның

Ақсыгельдинова А.Ж.

Ақпан 2023 ж.

**«Көркем 2011» ЖШС-ның
өзін-өзі бағалауды жүргізудегі іс-шаралар жоспары**

№ п/п	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі кезектен тыс педагогикалық кеңес. Өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі құрамын тағайындау	ақпан айы	Директор Меңгеруші Әдіскер Педагогтар
2	Кадрлық құрамға талдау: Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау /2-қосымшаға сәйкес/	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
3	Тәрбиеленушілер контингенті: Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар /3-қосымшаға сәйкес/	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
4	Оқу-әдістемелік жұмысқа талдау жасау	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
5	Оқу-материалдық активтер: -ғимарат туралы ақпарат; -жабдықтар мен жиһазбен қамтылуы туралы ақпарат; /4-қосымшаға сәйкес/	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
6	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. Оқу-әдістемелік кешеннің болуы туралы мәліметтер /5-қосымшаға сәйкес/	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
7	Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау	бағалау кезеңінде	Комиссия мүшелері
8	Мектепке дейінгі оқыту-тәрбие беру орталығының өзін-өзі бағалауын қорытындылау	мамыр отырысын ұйымдастыру	Комиссия Хаттама
9	Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес ұйымдастыру	Есеп беруді ұйымдастыру	Комиссия Пед.ұжым
10	Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру.		
11	Өзін-өзі бағалау қорытындысын жариялау	Интернет-ресурсында орналастыру	Әкімшілік

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілу күні: 06.02.2023 ж.

Қатысқандар саны: педагог
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. "Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.12.2022 ж. №486 бұйрығымен, сондай-ақ " 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Астана қаласының білім беру ұйымдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының бұйрығына қосымшаға сәйкес келеді.

Жауапты: меңгеруші Ильясова А.К.
меңгеруші Ботаканова Л.С.

2. Бағаланатын кезеңде «Көркем 2011» ЖШС-ның «Kidz n totz», «Көркем» балабақшаларының өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін сайлау.

Жауапты: меңгеруші Ильясова А.К.
меңгеруші Ботаканова Л.С.

ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгерушісі Ильясова А.К.-Анар Кайыпбергеновна "Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес Астана қаласының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау өткізілетінін атап өтті.

Меңгеруші қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Астана қаласының білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды.

Осы тізімге сәйкес 2023 жылғы маусым айында мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын "Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылдың 05 желтоқсандағы №486 бұйрығының бағалау критерияларына сәйкес материалдарды дайындау және талдау үшін комиссия құру қажет.

Жақсыгельдинова Айжан Жанатовна комиссияның төрайымы Мектепке дейінгі ұйымның басшысы болып табылатынын, сондай-ақ комиссияға біліктілік санатындағы педагогтар кіруі тиіс екенін атап өтті, өйткені алдағы жұмысты сапалы және үлкен жауапкершілікпен орындау керектігін айтты.

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды.

Дауыс беру барысында шешім бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

- Жақсыгельдинова Айжан Жанатовна- «Көркем2011» ЖШС-ның директоры, комиссия төрайымы;
- Ильясова Анар Кайыпбергеновна- «Kidz n totz» балабақшасының меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- Ботаканова Лаура Серыккановна-«Көркем» балабақшасының меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- Асаубаева Гульзира Мухаровна-тәрбиеші комиссия мүшесі;
- Жолдыбаева Айгуль Шаяхметовна, «Kidz n totz» балабақшасының әдіскері, хатшы;

2. Критерияларға сәйкес өзін-өзі бағалауды талдау нәтижелері бойынша:

- а) комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығару;
- б) білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізу;
- в) Қамқоршылық кеңесті өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру;
- г) "ҚР Білім Оқу-ағарту министрлігінің ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті" ММ-не материалдарды тапсыру және «Көркем2011» ЖШС – ның сайтында орналастыру.

Төрайым:



А.Жақсыгельдинова

Хатшы:



А.Жолдыбаева

**"Көркем
2011"
ЖШС-ның
өзін-өзі
бағалаудағы
мақсаты**

**Білім беру қызметтерін
мектепке дейінгі тәрбиелеу
мен оқытудың мемлекеттік
жалпыға міндетті
стандартының талаптарына
сәйкестігіне талдау жасау**

**Мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау
міндеттері**

**Балабақша нысандарының қызметіне конструктивті
баға беріп, өсу динамикасын анықтау**

**Балабақша нысандарының өзін-өзі бағалау
мәселелерінің себептерін және оларды шешу
жолдарын анықтау және ілгері дамуын көздеу**

І. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ


Білім беру ұйымының аталуы	<p>«Көркем» балабақшасы «Көркем 2011» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>«Kidz n totz» балабақшасы «Көркем 2011» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>
Балабақшаның орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен- жайы):	<p>Қазақстан Республикасы Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина 44/1 көшесі, НП 4;</p> <p>Қазақстан Республикасы Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 9, НП 9;</p>
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):	<p>8-701-999-26-40; 8 (7172) -28-78-47; 8 (7172) -20-38-88 aizhan111@mail.ru https://kidzntotz.kz/</p>
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі);	<p>Директор Жаксыгельдинова Айжан Жанатовна Бұйрық №1 25.01.2016ж</p>
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	<p>БСН 160740013906, тіркелген күні 18.07.2016 ж. Жарғы №8 «21» қаңтар 2019ж. https://kidzntotz.kz/</p>
Рұқсат етуші құжаттар:	<p>«Көркем» балабақшасы «Көркем 2011» ЖШС Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама:KZ26RVK00011756, 22.09.2016ж. Мемлекеттік медициналық лицензиясы №22023607, 12.12.2022 ж. берілді</p>
	<p>«Kidz n totz» балабақшасы «Көркем 2011» ЖШС Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама:KZ22RVK00018424, 26.12.2018ж. Мемлекеттік медициналық лицензиясы №22023607, 12.12.2022 ж. берілді</p>

2. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ:

2.1. Педагогикалық білімі бар педагогтер немесе педагогикалық даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

Бүгінгі күн талаптарына сай білім және тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастырып, тәрбиеленушілеріміздің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін «Көркем» ЖШС-ның штаттық кестеге сәйкес педагогтері мектепке дейінгі білімі бар мамандармен қамтылған. 2023 жылғы 18 мамырға дейін барлығы-17 маман жұмыс атқаруда. Оның ішінде:

- меңгеруші-2,
- әдіскер-1,
- қазақ тілі мұғалімі-1,
- музыка жетекшісі-1,
- дене тәрбие нұсқаушысы-1,
- педагог-психолог-1,
- тәрбиешілер-10.




Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет 2-қосымшаға түсініктеме

«Көркем» ЖШС-ның педагогтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығын игерген 7 маман, және 3 маман «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» қайта даярлау курсынан өткен. <https://kidzntotz.kz/>

оқу жылдары	Жалпы педагогтар саны /оның ішінде меңгеруші, әдіскер, қосымша пән оқытушылары /	Оның ішінде				үлесі
		Мектепке дейінгі жоғары білімі бар тәрбиешілер саны	Мектепке дейінгі арнаулы орта білімі бар тәрбиешілер саны	Мектепке дейінгі қайта даярлау курсынан өткен педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие» маманы емес тәрбиешілер саны	
2020-2021	5 (33%)	4 (27%)	4 (27%)	2 (13%)	-	100%
2021-2022	10 (56%)	2 (11%)	4 (22%)	2 (11%)	-	100%
2022-2023	8 (41%)	1 (6%)	6 (35%)	3 (18%)	-	100%


Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығын игерген педагогтердің салыстырмалы диаграммасы%



2.2. Педагогтердың білімділік деңгейі

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Жоғары педагогикалық	Арнайы орта	Оқыту орталығы
2020-2021	16 (100%)	11 (69%)	4 (25%)	1 (6%)
2021-2022	18 (100%)	14 (78%)	3 (17%)	1 (5%)
2022-2023	17 (100%)	11 (65%)	7 (35%)	-

Педагогтердың білімділік деңгейінің салыстырмалы диаграммасы%



Қорытынды: «Көркем» ЖШС-ның педагогикалық ұжымның білім деңгейін талдау барысында жоғары педагогикалық білімі бар мамандардың саны 65% жоғары екендігін көрсетті, 35%- «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша, ол дегеніміз тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтардың білімділік деңгейінің көрсеткіші 100%.


2.3. Балабақша басшысының аттестатциядан өтуі туралы мәлімет

	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Меңгеруші	0	1	1

2.4. «Көркем 2011» ЖШС-ның педагогтардың біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

оқу жылдары	педагогтардың барлығы /меңгерушіні қоспағанда/	педагог-зерттеуші	педагог-мастер	жоғарғы санат	педагог-эксперт	бірінші санат	педагог-модератор	II санат	санаты жоқ педагогтар
2020-2021	14 (100%)	1 (7%)	1 (7%)	1 (7%)	-	-	-	1 (7%)	10 (71%)
2021-2022	16 (100%)	1 (6%)	1 (6%)	3 (19%)	-	-	1 (6%)	1 (6%)	9 (56%)
2022-2023	15 (100%)	1 (7%)	1 (7%)	2 (13%)	-	-	-	-	10 (67%)

Педагогтардың біліктілік санатының деңгейін арттыру/растаудың салыстырмалы диаграммасы %



Қорытынды: Ағымдағы оқу жылында «Көркем 2011» ЖШС-да "педагог-зерттеуші"-1, "педагог-шебер"-1, жоғарғы санат-2, "педагог-модератор"-1. Жыл сайын педагогтердің сапалық деңгейінің артуы аттестаттау нәтижелерімен расталады. Педагог кадрларды аттестаттау индикативтік жоспар негізінде жүргізіледі. Санаты жоқ педагогтер санының көрсеткіші жұмыс өтілінің 5 жылдан кем педагог мамандар. Педагогтердің сапалық құрамындағы өзгерістер педагогтердің еңбек шартын тоқтатуына немесе басқа мекемеге ауысуына байланысты байқалады.

2.5. «Көркем 2011» ЖШС-ның басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Балабақша тәрбиешілері, педагог-мамандар өздерінің білім және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырып, қалалық және республикалық маңызы бар семинарларға, байқауларға белсене қатысуда. Педагогикалық ұжым кәсіби құзыреттілік деңгейін курстан өту бойынша балабақшаның перспективалық жоспарына сәйкес және Астана әдістемелік орталығының жұмыс кестесіне сәйкес жоғарлатып отырады. «Көркем 2011» ЖШС-ның педагогтердің біліктілігін арттыруда келесі жұмыс түрлері қолданылады:




	2020-2021	2021-2022	2022-2023
курстар	2 (13%)	11 (65%)	13 (78%)
семинарлар	3 (20%)	2 (12%)	-
байқаулар	5 (33%)	6 (35%)	9 (50%)
балабақша ішіндегі семинарлар	жылдық жоспарға сай қатысады		

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстары

Ұйымның атауы	Біліктілікті арттыру курсының атауы	Сағаттар саны	Педагогтердің аты-жөні	Оқу жылы
Өрлеу "БАҰО" АҚ	«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тездологиялары»	40 сағ.	Ботаканова Л.С.	2020-2021
Nazarbayev University	«Making education inclusive»	72 сағ.	Жолдыбаева А.Ш.	2020-2021
Bilimger group білім беру орталығы	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттыру, тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білу"	72 сағ.	Асаубаева Г.М. Ерден А.Н.. Хамидолла М.М. Рамазанова З.К. Ботаканова Л.С. Ильслова А.К. Утегенова Г.А. Ерман А.Е. Оспанова Д.И. Шаяхметова А.А.	2021-2022

Өрлеу "БАҰО" АҚ	"Развитие профессиональных компетенций педагогов по применению ИКТ-технологий в условиях обновления содержания дошкольного образования"	72 сағ.	Жолдыбаева А.Ш.	
Өрлеу "БАҰО" АҚ	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	72 сағ.	Утегенова Г.А.	2022-2023
ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық-ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК	«Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру»	80 сағ.	Туленова А.А.	
Өрлеу "БАҰО" АҚ	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	72 сағат	Ильясова А.К. Ботақанова Л.С. Жолдыбаева А.Ш. Асаубаева Г.М. Жәнібек А.Ж. Қасқырбекова М.М. Әбілбек Г.М. Оспанова Д.И. Ерден А.Н. Ерман А.Е. Туткышбаева Ф.Х.	
Бағаланатын кезеңде БА курстарынан өткен педагогтердің үлесі				100%

Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттырудың салыстырмалы диаграммасы %



Педагогтер on-line тәртібіндегі семинарларға көптеп қатысады. Бағаланатын кезеңдегі, оның ішінде 2021 жылдан 2023 жылдар аралығында педагогтердің біліктілікті арттыру курсына 100% қатысқанын көруге болады. **Қорытынды:** «Көркем 2011» ЖШС-ның педагогтері жоспар бойынша конкурстарға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады.

2.6. «Көркем 2011» ЖШС-ны педагогтерінің алдыңғы қатарлы іс-тәжірибені қорытындылау бойынша жұмыстары

Педагогтердің әдістемелік сауаттылығы мен белсенділігін арттыру бойынша әдістемелік қызметтің жұмысы педагогтердің педагогикалық шеберлігінің өсуіне, білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Педагогтердің жұмыс нәтижесі-педагогикалық және шығармашылық конкурстарға қатысуы, алдыңғы қатарлы іс –тәжірибені қорытындылауы болып саналады.

ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «**Мәңгілік ел**», «**Рухани жаңғыру**» жалпы ұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары ұлттық тәлім тәрбие тағлымдарын өзара кірігуі негізінде, білім беру үдерісінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға байланысты тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңарту басты мақсат болып табылды. Ата-бабамыздың бала тәрбиесінде қолданған тәжірибесін ой елегімізден өткізіп, бүгінгі күнге лайықтап тәрбие үрдісінде қолдану мүмкіндігі пайда болды.

«Көркем 2011» ЖШС-ның педагогтері балабақшаның біріңғай әдістемелік тақырыбын жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі мекеме ұйымына инновациялық технологияларды ендіру және тәрбие мен оқытудың сапасын, кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында балабақшаның әдістемелік тақырыбы тандалып, міндеттері анықталып бес кезең бойынша жұмыс жоспары құрылды. Біріңғай әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру бойынша білім беру үдерісінде жаңа технология нысандары енгізілді (Монтесории, ТРИЗ технологиялары, денсаулық сақтау, дамыта оқыту, жобалау технологиясы). «Көркем 2011» ЖШС-ның педагогикалық ұжымдарының әдістемелік тақырыпты қолдану барысында біршама педагогикалық іс-тәжірибе жинақталынып басылымға жіберілді. Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы оқу-әдістемелік орталықтың ғалымы педагогика ғылымдарының докторы профессор Т.Ж. Қонысбаеваның және аталған университеттің доценті педагогика ғылымдарының кандидаты С.М.Дүйсенғазинның жетекшілігімен **«Приобщение детей к истокам национальной культуры»** атты оқу-әдістемелік кешен ББК74.100.5 УДК 373.24 Ж23 2022ж. жарыққа шығып, қолданысқа берілді. Бұл әдістемелік жинақта **«Приобщение детей к истокам национальной культуры»** тақырыбы бойынша педагогтердің мектепке дейінгі білім беру



мекемесінің бірінғай әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру жолдары жан-жақты сипатталған.

«Көркем 2011» ЖШС-ның педагогтері бірінғай тақырыпты жүзеге асыру аясында ұлттық педагогика әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде кеңінен қолдана отырып республикалық деңгейдегі сайыстарға, байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, төс белгілерімен марапатталды.

№	Байқаудың атауы	Педагогтың ТАЖ	Нәтижесі
2021-2022 оқу жылы			
1	Mangilik el jastary қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілгелі «Қазақтың қайсар ұлдары» атты мектепалды даярлық және балабақша тәрбиеленушілеріне арналған IV республикалық онлайн бақауы	Оспанова Д.И. Айткужинова О.М.	Алғыс хат Куәлік №81 Куәлік №82 «Ахмет Байтұрсынұлы 150 жыл» төсбелгісі
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық «Мұқағали оқулары» конкурсы	Асаубаева Г.М. Хамидолла М.М.	Алғыс хат
3	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастырылуымен өткізілген «Бақытты балабақша» байқауы	Асаубаева Г.М. Хамидолла М.М.	Диплом I дәрежелі
4	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастырылуымен өткізілген «Шебер тәрбиеші» байқауы	Асаубаева Г.М.	Диплом I дәрежелі
2022-2023 оқу жылы			
1	Ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне арай ұйымдастырылған «Мұқағали Мұрасы» атты XII республикалық байқауы	Асаубаева Г.М. Хамидолла М.М. Ильясова А.К.	Алғыс хат
2	«Мейрімді тәрбиеші» Республикалық эссе байқауы	Ризванова Г.М.	Диплом I дәрежелі, I орын
3	«Мейрімді тәрбиеші» Республикалық эссе байқауы	Оспанова Д.И. Туткышбаева Ф.Х. Ерден А.Н.	Диплом I дәрежелі, I орын төсбелгі «Мейрімді тәрбиеші»

Қорытынды: Педагогтердің одан әрі кәсіби өсуі үшін қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі оффлайн іс-шараларға қатысуын жандандыруды жалғастыру, БАҚ-ға педагогтердің жұмыс тәжірибесін ұсыну.

Осылайша, «Көркем 2011» ЖШС-ның мектепке дейінгі ұйымда педагогтерінің зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жасалған жағдайлар тәрбие-білім беру процесінің тұтастығын толық

камтамасыз етуге мүмкіндік береді және де мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша баланың ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты, толыққанды дамуына кепілдік береді.

3.ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ:

1) жасына байланысты тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер: Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымша <https://kidzntotz.kz/> Мектепке дейінгі ұйымда балаларды қабылдау “Indigo” порталы бойынша "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес қабылданады Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы шарт электронды түрде жасалады. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды қабылдау мектепалды даярлық топтарын шығару есебінен және бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

Шартқа сәйкес келесі қызметтер ұсынылады:

- + мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту;
- + сауықтыру іс-шаралары;
- + -мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен Астана қаласы Білім басқармасының, Қазақ тамақтану академиясымен келісілген қысқы-көктемгі және жазғы-күзгі маусымдарға сәйкес перспективалы 20 күндік мәзір бойынша жүзеге асырылатын теңдестірілген 5-реттік тамақтану.

«Kidz n totz» балабақшасында -5 топ жұмыс істейді.

4 топ мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады, оның ішінде кіші топ-1; ортаңғы топ-1; ересек топ-1; мектепалды тобы-1.

Сонымен қатар, 1 топ орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады: мектепалды тобы-1.

«Көркем» балабақшасында -4 топ жұмыс істейді.

1 топ мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады, оның ішінде кіші топ-1.

Сонымен қатар, 4 топ орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады: ортаңғы топ-1; ересек топ-1; мектепалды тобы-1.

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер: жоқ

3) әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер: 2022-2023 оқу жылында мектепалды тобы әр түрлі жас тобы болып саналады. «Қарлығаш» мектепалды тобында -7 бала 2018 жылы туған балалар қоса тәрбиеленіп, жас ерекшелігіне сай білім алады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2022	кеткен	келген	бала саны 02.05.2023
1	«Қарлығаш»	ересек	7	2	1	6
2	«Қарлығаш»	мектепалды	12	7	6	11
	Барлығы:		19			17

4) білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2023 жылғы 18 мамыр айы барысында «Көркем 2011» ЖШС-нің мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша

✚ «Kidz n totz» балабақшасында – 100 бала;

✚ «Көркем» балабақшасында -71 бала тәрбие алады

«Kidz n totz» балабақшасы 2020-2021 оқу жылы: тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2020 жылғы 1 қыркүйекке – 64 баланы, 2021 жылғы 03 мамырға – 99 баланы құрады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне, сондай-ақ балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сай 2020 жылы балабақшаға қосымша 36 орынға тапсырыс берілу себебінен, балабақшада 2020 жылғы қараша айынан бала саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 100 баланы қамтыды.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2020	кеткен	келген	бала саны 03.05.2021
1	«Балапан»	кіші	2	1	17	18
2	«Ботақан»	ортаңғы	7	1	19	25
4	«Қошақан»	ересектер	23	9	11	25
5	«Алпамыс 1»	мектепалды даярлық	16	5	5	16
6	«Алпамыс 2»	мектепалды даярлық	16	5	4	15
Барлығы:			64	21	56	99

«Көркем» балабақшасы 2020-2021 оқу жылы: тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2020 жылғы 1 қыркүйекке – 71 бала, 2021 жылғы 3 мамырға-71 баланы құрады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2020	кеткен	келген	бала саны 03.05.2021
1	«Қарлығаш»	ортаңғы	18	2	9	25
2	«Жұлдыз»	ересек	20	6	5	19
3	«Айголек»	мектепалды даярлық	9	3	3	9
4	«Бәйтерек»	мектепалды даярлық	24	7	1	18
Барлығы:			71	18	18	71

«Kidz n totz» балабақшасы 2021-2022 оқу жылы: тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2021 жылғы 1 қыркүйекке – 96 бала, 2022 жылғы 5 мамырға– 100 баланы құрады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2021	кеткен	келген	бала саны 03.05.2022
1	«Балапан»	кіші	17	6	10	21
2	«Ботақан»	ортаңғы	19	8	9	20
3	«Құлыншақ»	ортаңғы	14	6	6	14
4	«Қошақан»	ересек	20	7	12	25
5	«Қарлығаш»	мектепалды даярлық	13	5	1	9
6	«Алпамыс»	мектепалды даярлық	13	2	-	11
Барлығы			96	34	38	100

«Көркем» балабақшасы 2021-2022 оқу жылы: тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2022 жылғы 1 қыркүйекке – 71 бала, 2023 жылғы 3 мамырға-71 баланы құрады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2021	кеткен	келген	бала саны 03.05.2022
1	«Айголек»	кіші	13	3	8	18
2	«Қарлығаш»	ортаңғы	20	7	6	19
3	«Жұлыз»	ересек	20	3	1	18
4	«Бәйтерек»	мектепалды даярлық	18	2	-	16
Барлығы:			71	15	15	71

Қорытынды: "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы бойынша 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында топтарға балалар жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) бойынша жасақталды.

«Kidz n totz» балабақшасы 2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2022 жылғы 1 қыркүйекке – 99 бала, 2023 жылғы 2 мамырға-100 баланы құрады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2022	кеткен	келген	бала саны 02.05.2023
1	«Балапан»	кіші	14	5	9	18
2	«Ботақан»	ортаңғы	25	11	9	23
4	«Қошақан»	ересек	25	6	6	25
5	«Қарлығаш»	мектепалды, ересек	19	9	7	17
6	«Алпамыс»	мектепалды	16	1	2	17
Барлығы:			99	32	33	100

«Көркем» балабақшасы 2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2022 жылғы 1 қыркүйекке – 71 бала, 2023 жылғы 3 мамырға- 71 баланы құрады.

рет №-і	Топ атаулары	Жас кезеңдері	бала саны 01.09.2022	кеткен	келген	бала саны 02.05.2023
1	«Айголек»	кіші	12	5	13	20
2	«Қарлығаш»	ортаңғы	25	9	6	22
3	«Жұлдыз»	ересек	16	4	4	16
4	«Бәйтерек»	мектепалды	18	5	1	13
	Барлығы:		71	23	23	71

Қорытынды: «Көркем 2011» ЖШС-ның балабақшаларында 2022-2023 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 25 тармағына сай жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақталды.

5) білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер:

Топтар	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	«Kidz n totz»	«Көркем»	«Kidz n totz»	«Көркем»	«Kidz n totz»	«Көркем»
Білім беру тапсырысы	64	71	100	71	100	71

Қорытынды: Білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сай 2020 жылы балабақшаға қосымша 36 орынға тапсырыс берілу себебінен, балабақшада 2020 жылғы қараша айынан бала саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 100 баланы қамтыды.

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс

Көркем 2011 ЖШС-ның «Kidz n totz» және «Көркем» балабақшаларының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі. <https://kidzntotz.kz/>

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үрдісі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;

5) республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануымен ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктеріне мониторинг жүргізуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (қазақ және орыс тілдерінің мұғалімі, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б.) өтпелі тақырыптар негізінде жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын әзірленіп, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен дейін барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматыкітап", "Шикула-К", оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар келесі қағидаларды ұстанады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен тәсілдерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қажеттіліктері және мүдделері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

4.2 Тәрбие-білім беру үдерісіндегі психологиялық және педагогикалық сүйемелдеу

«Көркем» және «Kidz n totz» балабақшаларында педагог-психолог М.Ю.Полищукова тәрбие-білім беру үдерісіне психологиялық сүйемелдеу жүргізеді.

Білім беру процесіне жүргізетін психологиялық қолдаудың негізгі мақсаты: балалардың танымдық құаттарын дамыту және олардың психологиялық денсаулығын нығайту.

Педагог-психолог келесі бағыттарда жұмыс жүргізеді:

1. Жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңін психологиялық тұрғыдан қолдау жасауды қамтамасыз ету.
2. Педагогтар мен ата-аналарға арналған тұжырымдамалар мен практикалық ұсыныстарды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерінің даму ерекшеліктерін зерттеу.
3. Балалардың отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу, мектепте оқуға жалпы және психологиялық дайындығын сапалы қамтамасыз ету.
4. Ата-аналармен арналған кеңес жұмыстарын жүргізу.
5. Қызметкерлерге диагностикалық және кеңес беру жұмыстарын ұсыну.
6. Тәрбие-білім беру процесінде тұлғалық-бағдарланған тәсілді іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Балабақшада кәсіби психологиялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалған, олар білім беру процесін психологиялық тұрғыдан қолдаудың мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруға тікелей әсер етеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысушылар арасындағы қатынастарды төмендегідей схема бойынша көрсетуге болады:



Мұндай бірыңғай өзара әрекеттесу схемасы жаңа формалары, әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, жұмысты тиімді жоспарлауға, және іскерлік эмоционалды жағымды қатынастарды құруға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас жүйесі жеке тұлғалардың дамуын ескеруге мүмкіндік береді.

Дезадаптациялық кезеңнің алдын алу үшін балабақшада келесі іс-шаралар жүргізу көзделеді:

- ✚ бала балабақшаға түскенге дейін ата-аналармен жеке әңгімелесулер;
- ✚ топтық жиналыстар;
- ✚ әр баланың жеке бейімделуіне болжам жасауға және ата-аналардың да, топ тәрбиешілерінің де балаға қатысты дұрыс мінез-құлық моделін жасауға мүмкіндік беретін ата-аналардың сауалнамасы;
- ✚ әр балаға бейімделу парақтарын толтыру, содан кейін бейімделу кезеңінде балабақшаға барудың жеке режимін жасау;
- ✚ тәрбиешілерге бейімделу кезеңін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірленеді;
- ✚ ата-аналарға арналған ұсыныстар;
- ✚ топта жағымды психологиялық климат құруға, қолайлы даму ортасын ұйымдастыруға көмектесу.

Сонымен қатар, педагог-психолог мектепке баратын балалардың ата-аналары мен тәрбиешілеріне арналған практикалық кеңестер, ұсыныстар жүйелі түрде материал дайындайды; жеке диагностика жүргізеді.

Ескеретін жағдай, барлық диагностикалық, ағартушылық жұмыстар тәрбиешілермен, педагог-мамандармен, балабақша меңгерушісімен, әдіскер жұмысымен тығыз байланыста жүргізіледі. Нәтижелері педагогикалық және әдістемелік кеңестерде талқыланады.

